# Ата-аналармен жүргізілген жұмыс түрлері



***6 "ә" сынып жетекшісі: МУХСИНОВА А.М.***

# Үздік оқытудың құпияларымен бөлісейік!



# Үй тапсырмасын орындатудың жолдары

алы



# Үй  тапсырмасының функциялары:

- Егер бала күрделі тақырыптарды өткен кезде ұзақ ауырып, көп уақыт өткізіп түсінбеген уақытта балаға білім дағдыларын жетілдіріру үшін қосымша түсініктердің берілуі;
- Оқушының танымдық қабілетін арттыра отырып,  пән бойынша да, өткен тақырып бойынша да соғұрлым көп түсініктер бере отырып ынталандыру;
- Оқушының  өз бетімен жұмыс жасауын дамыту, үй  тапсырмасын орындау барысындағы оның өз бетімен көп отыруы, жауапкершілігі.




# Пән мұғалімдерінің үй тапсырмаларын орындату барысындағы талаптары:







# Мұғалімнің көз қарасы бойынша



***<u>Үй тапсырмасы:</u>***
***Пайдалы, қызықты***
***Ойлану қажет, қайталау қажет, орындау қажет.***
***Шыдамың жетпесе білмейсің.***
***Білім керек.***

# Оқушының көз қарасы бойынша:

**<u>Үй тапсырмасы:</u>**

Шаршатады, жалықтырады.

Дайындаламын, дем алуға уақыт жетпейді, шаршаймын.

Үй тапсырмасы-өте қолайсыз.

Көп уақыт алады.



- «Баланың үй тапсырмасын орындауына байланысты бірнеше кеңестер»



- ***Көбінесе балаларға үй тапсырмасын жарық және қолайлы үстел болғандықтан ас бөлмесінде істеуге тура келеді. Міне сондықтан, баланың өз бөлмесінде балаға қолайлы бұрыш жасап беру қажет, ол жер кітап, қалам, қарындаштарын қоюға келетіндей кең болуы қажет, оқулықтары мен сөздіктері оңай алынатын және жақын жерде болғаны жөн.***



- ***Сонымен қатар балада қағаз, дәптер және жазба жадықтары жеткілікті болуына көп көңіл бөлу керек. Бірақ, бұл заттарды алуды баланың өзіне жүктеу қажет, бұл баланың жауапкершілігі мен дербестігін арттырады.***





- **Теледидарды сөндіріп қойыңыз.  Үй тапсырмаларын орындаған  уақытта теледидарды қосуға болмайды деген қағиданы ұстаныңыз.**
- **Теледидар баланың сабақ оқуына кедергі келтіреді.**
- **Теледидарда қызықты бағдарлама көрсетіліп жатса, онда оны әрқашанда видеоға жазып алуға болады.**

# Мұғалімдерге ұнамайды:



- «Мұғалімдерге оқушылардың үй тапсырмасын орындаудағы оқушылардың немқұрайлықтары ұнамайды. Көп оқушылар берілген тапсырмаларды орындамақ бұрын берілген тақырыпты да меңгере алмағандығы ұнамайды.



# Ата-аналарға ұнамайды:

*Ата-аналар оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатында қосымша репетиторға жүгінуге мәжбүр болуы;*

*Үйде сыныпта өткен сабақты қайтадан түсіндіруі.*

*Сонымен қоса ата-аналарға балаларының үй тапсырмасын орындамағаны үшін мұғалімнің барлық балалардың алдында оқушыны жазалағаны, төмендеткені ұнамайды.*



# Оқушыларға ұнамайды:

- ***«Оқушыларға мектепте үй тапсырмасын орындамағаның үшін қандай да бір келеңсіз жағдайды күтуі, мектептегі берілген тапсырманы орындау үшін бүкіл уақыттың кетуі, баланың дамуы үшін тек қана үй тапсырмасын орындау емес, шығармашылық жұмыстар, спортпен айналысу, құрбыларымен араласу керек екендігін мұғалімдердің, ата-аналардың түсінбеушіліктері ұнамайды»***



# Үй тапсырмасы:

**Оқушыларға берілетін үй тапсырмасы – бұл мұғалімнің басқаруынсыз берілетін өзіндік жұмысты орындаудың ерекше түрі**





# Үй тапсырмасының түрлері:

**<u>Жекелей </u> : Оқушылардың көп еңбектенуін қажет ететін шығармашылық тапсырма.**

**<u>Дифференциалды: </u> Берілген тапсырманың өнімділігі, және шығармашылық деңгейлігі.**

**<u>Шығармашыл</u>. Кестелер құру, топтастыру, сөзжұмбақтар құрастыру, ребустар ойлау, ертегілер жазу, жоба жазу т.б.**

**<u>Жалпылай берілетін тапсырма.</u> Мәтінді мазмұндау, өлеңді, ережені жатқа айту, жаттығуларды орындау.**



# Үй тапсырмасының дәлелденген үш деңгейлілігі:

- 1 -деңгей– **Міндетті. Мақсаты – білімді бекіту.**

  **Маңыздылығы: сыныптағы барлық оқушыға түсінікті болуы шарт.**

- 2-деңгей **– жаттығу, машықтану. Оқушылардың білім дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Мұндай тапсырмаларды пәнді жетік меңгергісі келетін оқушылар ғана орындайды. Олар ешқандай қиындықсыз бағдарламаны меңгере алады.**
- 3-деңгей – **шығармашыл. Мақсаты- жаңаша білімді меңгеруі, оларды қабылдауға әзірлеу; Шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуы. Бұл тапсырмалар оқушылармен өз еркімен орындалады.**



# Үй тапсырмасын ұйымдастырудағы қойылатын талаптар:

- Жүйелілік
- Үй тапсырмасын орындауға міндетті
- Үй тапсырмасын орындауға барлығының әлі жететіндігі
- Әр түрлі тапсырмалар
- Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар.

# Ата-аналарға кеңес:

- Баланың жұмыс істейтін үстелі қолайлы болсын. Жұмыс үстелінде баланың көңілін алданыдаратын артық зат болмауы қажет.
- Үй тапсырмасын орындауға баламектептен келгеннен кейін бір немесе бір жарым сағаттан кейін кірісу керк.
- Үлкен күнтізбе сатып алыңыз немес өзіңіз қолдан істеп беріңіз, ол күнтізбеге оқудағы маңызды оқиғалар туралы, тоқсанның аяғына дейін қанша уақыт қалғандығы туралы, емтихандардың уақыты туралы ескертпелерді белгіп отырған жөн.
- Үй тапсырмасын орындатар уақытта көп уақыт отырып алмай бірден бастап кету қажет.



# Үй тапсырмасын орындаудың ФОРМУЛАСЫ:



- **Сенімділік = Жетістік = Қанағаттану.**

